

## ҚАЗМЗА-НЫҢ КӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР КЛУБЫ

**ҚАЗМЗА – ЧЕМПИОН.** Алматы Мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайында 2000 жылы 10 желтоқсанда Халықаралық КТК Одағы аясында құрылған Еуразия Лигасының соңғы ойындары өтті. Орталық Азияның (Ташкент, Бішкек, Душанбе қалалары) үздік деген командалары қатысқан бұл Лиганың ақтық ойынына жолдаманы жеңіп алған: ҚазМЗА құрама командасы, Халықаралық бизнес мектебінің “Гангстеры любви” және Павлодарлық “Пока” командалары кездесті.

Ойынды жүргізуге Мәскеуден арнайы шақырылған Масляков (кіші) кештің қызықты өтуіне үлкен үлес қосты. Қазылар алқасы республика мен ТМД елдерінің белгілі тұлғалардан тұратын, жауапкершілігі мол бұл жұмыстың салмақ жүгін арттыра түсті. Өте қызу тартыспен өткен ойында тапқырлық және орындаушылық шеберлігімен ерекшеленген бұл командалар ішінен ҚазМЗА құрама командасының ойыны мазмұны мен орындалуының жоғары деңгейде болғанын әділ қазылар да мойындады.

Бірінші турларда шоқталып, жұбын жазбастан “шапқан” командалардың соңғы “үй тапсырмасында” ғана жеке даралануы, заңгерлерді бірінші орынға шығарды. Бұл ҚазМЗА командасын Орталық Азияның 2000 жылғы үздік командасы және Еуразия чемпиондық кубогының жеңімпазы атандырды.

Еңбектері жанған Қазақ мемлекеттік заң академиясының Құрама командасын елеулі жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ойыншылардың аянбастан барын салуына академиямыздың ректоры М.С. Нәрікбаевтың көрермен залында отыруы және академиямыздың жанкүйерлерінің қошамет-қолдауы көп көмек болды. Бұл сенімді ақтаған ҚазМЗАлық ойыншылар ерледі. Жарайсыңдар, жігіттер!

\*\*\*

**Көңілді тапқырлар клубы (КТК)** ойындары - кеңестік дәуір жастарының әлеуметтік және саяси қоғам өмірі дүниеге әкелген, өзге елдерде кездеспейтін ерекше құбылыстардың бірі. Бұл кезде ашық айтуға тыйым салынған дүниелерін құдіретті күлкінің уытты тілімен сипаттап баяндаған көңілді де тапқыш жастар өнеріне риясыз күліп, рақатқа батқан сәттер аз болмапты. Бұл ойындар алғашқы күннен бастап, орыс тілінде ойналуы талассыз болатын. Алайда қазақ жастарының бұл ойынға ынта-ықыласының зор болуын республика студент жастары арасында кең қанат жаюынан байқаймыз. Бұған ТМД елдерінің командаларының басын біріктірген А. Масляковтың “ОРТ-1” телеарнасынан көрсететін қызықты ойын-сайыстары қатарынан көрінген ҚазМЗА КТК командасының жоғары Лигадағы ойынға араласуы, академиямыз үшін үлкен жетістік болды. Қала, республикалық, аймақтық біріншіліктерден үздік көрінген команданың Жоғары лиганың бірінші тобында (Қазан қаласы) сәтті ойнауы күз. Бұл ойынның академияда өзге де орыс-қазақ тілдерінде КТК командаларының құрылуына әсері мол болды.

Осындай сәтті бастама ҚазМЗА қабырғасында қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы А.Б. Көздібаеваның ұйымдастыруымен 1999 жылы басталды. Қазақ КТК Лигасының құрылып, Республика “КТК Супер Лигасының” қолдауымен үлкен жұмыстар атқарылды. Өткен жылғы алғашқы қазақ КТК чемпионатында академиямыздан 4 бірдей команданың өнер көрсетуі, осының айғағы болса керек. Сот-прокурорлық факультетінің “Мейірімді прокурорлар”, “Бес бармақ” командасы бірінші чемпионаттың кубогын жеңіп алып, чемпион атанды.

Биыл, 2000–2001 оқу жылында өтетін КТК-ның II қазақ чемпионаты өз ойындарын бастап та кетті. Алғашқы топтағы командалар арасындағы ойын, Қызылорда облысының әкімі тағайындаған фестиваль кубогына жиналған Оңтүстік және батыс өлкелерінің (Түркістан, Тараз, Ақтөбе, Астана) командаларының қатысуымен Қызылорда қаласында болып, ол командалар

ішінен бағы жанған жүлдегерлер келесі 1/4 финалдық ойындарға жолдама алды. Осы 1/8 финалдық ойындарының екінші тобында, келесі кезеңге жолдама алуға Алматы қаласының 10 жоғары оқу орындарының 12 командалары 1-2 қарашада екі күн бойы бәсекеге түсті.

Алғашқы күні 6 команда ішінен өз бағын сынауға бел шешіп, сахнаға шыққан “Мейірімді прокурорлар” (ҚазМЗА) командасы осы кештің жеңімпазы атанды. Олар “Ноу-хау” (Басқару Академиясы), “100 теңге” (Өлем тілдері университеті), “Жарықбай” (Энергетика университеті), “Малбағар” (Агроуниверситеті) сынды сахналық тәжірибесі мол, азулы қарсыластар ішінен суырылып шығып, екі балға ілгері шығуы, біздің команданың бұл ойынға үлкен дайындықпен келгендігін көрсетті.

Екінші күні додаға түскен командалар ішінде академиямыздың “Винегрет” құрама командасы да өзіндік ойын өрнегімен ерекшеленді. “Бес бөрі” (Ал.МУ), “Фасыр дихандары” (Агроуниверситет), “Демал” (Басқару Академиясы), “Сырдария жігіттері” (ҚазҰУ), “Шипагер” (Мед. Академия) сынды командалар ішінен ерекше көрініп, топ бастады.

**Академия басшылығына, бұл командаларға деген жылы көзқарасы үшін, үлкен алғысымызды білдіреміз. Келешекте де мұндай демеушілік қолдау тауып, жалғасып, танымал командаларымыз көш бастай беретініне сеніміміз мол.**

\*\*\*

**24 желтоқсанда** Қазақстан Супер Лигасының ұйымдастыруымен республикалық КТК командаларының “Алтын алдар – 2000” фестивалі өтті. Бұл фестивальде ҚазМЗА КТК командасы Еуразия Лигасының “Ең үздік командасы” атағына ие болды.

2000 жылғы ең үздік ойыншы - “Мистер КТК” атағын академиямыздың тәрбие ісі жөніндегі проректоры, командамыздың бетке ұстар тұлғасы Нұрлан Өтешев иемденді.

Сонымен бірге КТК ойындары біздің облыстық филиалдарда да кең қанат жайып, дамып келе жатуын осы фестивальға қатысқан Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан командаларының аяқ алысынан байқадық.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік заң академиясы филиалының “Кодекс шуток” командасы, “Ең үздік дебют” деген атақты жеңіп алды.

ҚазМЗА үшін және бір қуанышты хабар – осы фестивальде Қазақстан КТК ойындарын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін, КТК Супер Лигасы, биылдан бастап, Н.А. Шәйкенов атындағы сыйлық пен Құрмет грамотасын тағайындады. Жыл сайын бұл сыйлық Республикадағы КТК қозғалысына сіңірген еңбегіне қарай жеке тұлғаларға беріледі.

Қазақ мемлекеттік заң академиясы түлектерінің республиканың КТК қозғалысындағы жетістіктерін, осы қозғалысқа ерекше серпін берген Н.А. Шәйкеновтың қамқорлығын есте сақтап, сенімін ақтаған ұрпақ ризашылығы деп білген жөн.

